

Прокурорлық қадағалау және прокуратура туралы нормативтік-құқықтық актілердегі заңдық техниканың мазмұнды ережелері

Сұлтанбекова Г.Б.

Е.А.Бөкетов атындағы мемлекеттік университеті

В статье рассматриваются вопросы соблюдения требований к содержанию нормативных актов о прокуратуре и прокурорском надзоре. Освещается неразрывное единство содержательных правил юридической техники. Связано это с тем, что профессия юриста социальна: она обращена к людям и выполняется посредством людей. Автором рассматриваются такие требования, как законность, соответствие нормам морали, целесообразность, обоснованность, а также эффективность, своевременность, стабильность, экономичность, реальность, оптимальность.

In article questions of observance of requirements to the maintenance of statutory acts about Office of Public Prosecutor and public prosecutor's supervision are considered. The indissoluble unity of substantial rules of legal technics is shined at acceptance of these statutory acts. It connected by that a trade of the higher measure social: it is turned to people and carried out by means of people. Such requirements, as legality, expediency, validity, efficiency, timeliness, stability, profitability, a reality, an optimality are considered.

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының қабылданғанына он бес жылдан астам уақыт өтті, алайда осы уақытқа дейін прокуратура органдары қызметінің әр түрлі жақтарына қатысты өзгертулер мен толықтырулар енгізілуде. Біздің ойымызша, бұның бір себебі заңдық техниканың мазмұнды ережелерінің сақталмауында.

Нормативтік актілер мазмұнды және тиімді болулары тиіс. Олардың мазмұнын дұрыс толтыру, қоғамдық қатынастардың құқықтық реттеуге жатама деген басты мәселені дұрыс шешуді білдіреді. Аталған мәселе оң шешімін тапқаннан кейін құқықтық реттеу пәнін және құқық саласын анықтауға, сонымен қатар нақты қоғамдық қатынастарға құқықтық нысанды беру бойынша міндеттерді шешу әдістеріне көшуге болады. Осыдан кейін заңшығармашылық жұмыс нақтылық сипатқа ие болу керек. Қандай да болмасын нормативтік актінің мазмұны белгілі бір талаптарға жауап беруі керек [1; 158].

Нормативтік актілердің мазмұнына қойылатын басты талап — заңдылық талабы. Республикада қабылданған нормативтік актілер Конституцияға, Қазақстан Республикасының Президентінің актілеріне, жалпы қабылданған нормаларға және халықаралық құқық қағидаларына сәйкес болуы тиіс.

Құқықтық мемлекеттегі Қазақстан Республикасының прокуратурасы қандай болады, ол қандай мәселелерді шешеді, мемлекет механизмінде қандай орын алады? Бұл сұрақтарға жауапты 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасынан табуға болады. Негізінен Құқықтық саясат тұжырымдамада прокуратура құқық қорғау жүйесінің өзегі болып табылады және негізгі функциясы ретінде қадағалау қызметінің тиімділігін арттыру қажет. Тұжырымдамада «Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында жалпы алғанда демократиялық және құқықтық мемлекеттің қажеттіліктеріне жауап беретін құқықтық жүйе қалыптасып, тиімді әрекет етуде. Сонымен қатар мемлекеттің құқық қорғау қызметі өзінің әрі қарай дамып және арттыруын талап етеді» деп көрсетілген [2].

Біздің республикамыздағы прокуратура өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында жалпы қадағалау функциясынан айырылды. Прокуратура жалпы қадағалау функциясынан қылмыстық істерді тергеу функциясын сақтай отырып (бірақ алдын ала тергеуді басқарудың процессуалдық институтын, қылмыстық қудалау функциясын сақтай отырып), елдегі заңдық режимді қамтамасыз ету мақсатында көп құзыретті қадағалау органы ретінде анықталды. Осы кезден бастап ол мемлекеттік құқық қорғау ұйымы ретінде тең дәрежеде азаматтардың және мемлекеттің мүддесін қорғауға тиіс болды [3].

2009 жылдың 3 желтоқсанында ТМД мемлекеттерінің Бас прокурорларының Үйлестіру Кеңесінің отырысында Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Бас прокурорлары Қайрат Мами және Юрий Чайка халықаралық ұйымдардың прокуратура құзыретін қылмыстық-құқықтық қудалау функциясымен шектетеуге байланысты әрекеттеріне қатысты алаңдатушылықтарын білдіртті. Қазіргі еуропалық құқықтық стандарттарға солар сәйкес келеді деген сияқты. Жоғарыда аталған Кеңестің отырысында Қазақстан Республикасының Бас прокуроры әлеуметтік-экономикалық саладағы прокуратураның жалпы қадағалау функциясын күшейтетін

«Прокуратура туралы» ҚР Заңына өзгертулер мен толықтырулардың дайындалып жатқандығы туралы хабардар етті. Осы мәліметтерді 11.12. 2009 ж. қазақстандық заңдық портал Zakon.KZ жариялады.

Біздің заңшығарушыларға, тәжірибешілерге ойланатын уақыт келді: егер біз еуропалық стандарттар бойынша жүрсек, прокуратура органдарының дамуының қандай моделін ұстануымыз тиіс болса: толықтай халықаралық ұйымдардың пікірлеріне құлақ асуымыз керек па, әлде өз жолымызбен жүруіміз керек па.

Прокуратура органдары қызметінің негізі болып ҚР Конституциясы және «Прокуратура туралы» ҚР Заңымен қатар, салалық заңнамалар, оның ішінде қылмыстық іс жүргізу заңнамасы табылады. 1995 жылдың Конституциясында 84-бап болатын, онда тергеу мен анықтаудың сот және прокуратурадан бөлінетіндігі туралы айтылатын. Алайда ҚДЖК 198-бабының 3-тармағына сәйкес республиканың Бас прокуроры ерекше жағдайларда, тергеудің объективтілігі мен толықсыздығы және істің күрделілігі жағдайында, алдын ала тергеуді жүргізетін бірнеше органдардың тергеушілерінің қатарынан тергеу тобын құрып, оның басшысы етіп прокурорды тағайындай алды. 2001 жылғы қарай Бас прокуратурада күрделі қылмыстық істер бойынша тергеу топтарын басқаруды жүзеге асыру негізгі қызметі болып табылатын арнайы прокурорлардың басқармасын құруға тура келді. Осындай тергеу тобымен жүзеге асырылатын тергеудің заңдылығына қадағалау жасау Қазақстан Республикасының Бас прокурорына жүктелді. ҚР ҚДЖК-нің 199-бабының 4-тармағына сәйкес тергеу тобының басшысы басқа тергеушілермен жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысып, тергеу әрекеттерін жеке өзі жүргізе алатын. Бұл жаңашылдық ұйымдасқан қылмыспен және паракорлықпен күресті күшейту қажеттілігімен және прокуратураның қылмыс жасаған үшін қылмысты қудалау саласындағы құзыреттілікті нақтылау қажеттілігімен байланысты болды. Прокуратура қабырғаларындағы өзіндік тергеу бөлімшелерін жоюдың, осы уақытқа дейін жойылмаған теріс жақтары да бар.

ҚР Конституциясы иерархия бойынша Қылмыстық іс жүргізу кодексіне қатысты басым заңдық күшке ие болғандықтан, ҚР Конституциясының нормалары әрекет етуі қажет еді. Заңдық техниканың мазмұнды нормасын сақтамау заңдылық талабының бұзылуына әкеліп және заңшығарушы тергеуді прокуратураға беруді шешпейінше, ұзақ уақыт бойы жалғасып жатты. Ойланбай жасалған шешім елімізге біраз кері әсерін тигізді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында адамның өмірі мен бостандықтары ең басты құндылық болып табылады және мемлекеттің мақсаты оны қорғау деп аталған. Нормативтік-құқықтық актілерді адамдардың құқықтары мен бостандықтарына сәйкес қабылдау конституциялық талап болып табылады.

Қазіргі таңда прокуратура органдарының қызметін бағалау критерийі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып табылады. Кейде қылмыстарды ашу көрсеткішін көтеру мақсатында құқық қорғау органдарының қызметкерлері адамдардың құқықтарын бұзу арқылы қол жеткізіп жатады. Бұған дәлел прокурорлардың қылмыстық қудалау органдарының мекемелерінен заңсыз ұсталған адамдарды босату фактілерінің көптеп тіркелуі болып отыр. Бұндай жағдайлар үлкен алаңдатушылық туғызуда, себебі оның өсу тенденциясы бар.

Кейбір ғалымдар адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау ережелерінің кең ауқымды түсінігін ұсынады, бұл дегеніміз нормативтік актілер азаматтардың мүдделеріне қатысты қабылдануы тиіс. Негізінен қарсылықтар болмағанымен, оны жүзеге асыруда үлкен қиындықтар туындауы мүмкін. Біріншіден, ол бағалы сипатқа ие болғандықтан: нормативтік актінің ол арналған адамдарға сәйкес келеуі-келмеуін анықтау қиын. Нормативтік актінің мазмұнына қатысты бұл ереже заңнан шығарылуына және онда көрсетілмегендігіне байланысты, императив ретіндегі оның құқықтық бекітілгендігі жоқ.

Мазмұндылық талабы. 1994 жылы біздің елімізді құқықтық реформаның мемлекеттік жоспары қабылданған болатын. Бұл жоспарда прокуратураның және прокурорлық қадағалау жүйесінің қайта құрылуы жоспарланды. Тергеу бөлімшелерін прокуратура органдарына сәйкессіздігіне байланысты басқа құқық қорғау органдарына беру көзделді. Қазақстандағы реформаторлардың асыққандығы соншалық, алдын ала тергеудің прокуратурадан бөліп алу туралы норманы 1995 жылғы Конституцияда бекіте алды. Сол кездегі ҚР Бас прокуроры Ю.А.Хитриннің айқын дәлелдері де көмектеспеді, ол былай деген болатын: «Қазіргі прокурорлар — негізінен, кешегі мамандалған және жауапты тергеушілер. Уақыт өте келе тергеу мектебінен өткен прокурорларды таба алатындығымыз туралы біреу ойланды ма?». Бұл риторикалық сұраққа біраз уақыттан кейін ол өзі былай деп жауап берді: «Тергеу және қадағалау функциясын ажырату қажеттілігі теория жүзінде мүмкін, бірақ

тәжірибе жүзінде оң нәтиже көрсетпеді. Керісінше, асығыс, аяғына дейін ойланбай жасалған тергеу органдарын қайта құру үлкен материалдық шығындарға және құқық қорғау органдарының білікті мамандарын жоғалтуға алып келді» [4].

Біз орындылық талаптары туралы айтқан кезде, прокурорлық қадағалау және прокуратура туралы нормативтік-құқықтық актінің өзінің мазмұны бойынша нақты жағдайда қоғам, мемлекет, азаматтардың тиісті мүдделеріне жауап беруі туралы сөз қозғаймыз. «Прокуратура туралы» ҚР Заңының қабылдану уақытына байланысты біздер нормативтік-құқықтық актілердің мазмұнына қатысты бұл талаптардың сақталғандығы туралы айта алмаймыз. КСРО-ның құлдырауы уақыты, құқық пен моральдің дәрежесі түсіп жатқан кезде, адамдардың кез келген жолмен баюлары жүрді, жеке тұлғаның және қоғамның мүдделерінің қорғалуы әлсіреді, біреуге заңдылыққа қадағалау жүргізуші прокуратура сияқты органның әлсіреуі қажет болды.

Тек біздің елде ғана емес, бүкіл ТМД елдерінің территориясында прокуратураның ролі мен орны туралы мәселе көтеріліп, дискуссиялар жүріп жатты. Прокуратураны тоталитарлық мемлекеттің туындысы деп анықтап, кеңес кезіне дейін болмағандай прокуратураны реформалау туралы идеялар туындады. Мысалы, Ресейде Ресей Федерациясындағы Сот реформасының концепциясының ықпалымен Жоғарғы Кеңеспен прокуратура реформациялауға жатпайтын, жоюға болмаса, басты функция — заңды қадағалау функциясын шектеуге жататын орган деп көрсеткен [5].

Прокуратураның құқық қорғау органдарының жүйесіндегі орны құқық қорғау органдарының үйлестіру қызметін жүзеге асыру кезінде айқын көрінді. Сонымен қатар біз алдында байқағандай, заңшығарушы прокуратураға құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру функциясын жүктей отырып, бұндай органдардың айналымын, құқық қорғау органдарының қатарына жатқыза алатын критерийлерді айқындамаған. Құқық қорғау органдарының қылмыспен және басқа да құқық бұзушылықтармен күрес бойынша қызметті үйлестіру бойынша прокуратураға жүктелген функцияға қатысты заңшығарушының ұстанымы бір жақты болмады. Бұл құзырет прокуратурадан алынып, арнайы құрылған мемлекеттік құрылымдарға (1989 жылғы Қылмыспен күрес бойынша уақытша комитетке), (1991 жылғы Құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру бойынша комитетке) жүктелді. 1992 жылдың 17 қаңтарындағы «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңында прокуратура органдарына құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін норма болмады. Кейін, 1994 жылдың шілде айында, прокуратураға үйлестіру функциясын қайтарды, алайда 1995 жылдың 21 желтоқсанындағы № 2709 «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» заңдық күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен прокуратура органдары бұл функциядан қайта айырылды. Осы нормативтік актіге сәйкес прокуратура тек басқа құқық қорғау органдарымен бірігіп, әрекет етуге құқылы болды.

Нәтижесінде ішкі істер органдары, ұлттық қауіпсіздік, қаржы полициясы және басқа да органдар ортақ мақсатты ұстана отырып бірі бірінен тәуелсіз, әрқайсысы өз құзыреттілігінде арнайы әдістермен және нысандармен жүзеге асырды. Сонымен бірге қылмыстық көріністерге тиісті тосқауыл қою үшін, тек үйлестіру қызметтің көмегімен қол жеткізуге болатын барлық құқық қорғау жүйесі органдарының бірлескен әрекеттерін және күштерін біріктіру қажет болды.

1998 жылдың шілдесінде прокуратураның құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру функциясын қайта қалпына келтірген заңшығарушының әрекеттері де түсініксіз. Кейбір қазақстандық ғалымдардың пікірінше, 1995 жылғы прокуратура органдарының үйлестіру функциясынан айырылуы қылмыспен күресті атқару билігінің тармағына кіретін құқық қорғау органдарымен жүзеге асырылуына байланысты жүзеге асты, ал прокуратура Қазақстан Республикасының Президентіне бағынышты, тиісінше үйлестіру қызмет Үкіметпен және оның жергілікті органдарымен — әкімдермен жасалуы тиіс.

Үйлестіру қызмет әр түрлі нысанда жүргізілуі мүмкін. Ол нысандар оған қатысушылардың үйлестіру қызметімен, олардың әрқайсысының құзыреттілігінен келіп шығады.

Әңгіме нормативтік актінің өзінің мазмұны бойынша нақты жағдайда қоғамның, мемлекеттің, азаматтың мүдделеріне жауап бере алу қабілеттілігінде.

«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және кейін қабылданған нормативтік прокуратура органдарының қызметі және прокурорлық қадағалауға қатысты актілер, біздің ойымызша, әрдайым қоғамның, мемлекеттің, азаматтардың мүдделеріне сәйкес келген жоқ. Осылайша, тергеу және оған қадағалау жасау функциясын бөліп тастау теория жүзінде дәлелді болып көрінді, бірақ тәжірибе жүзінде оң нәтиже көрсеткен жоқ. Керісінше, асығыс, аяғына дейін ойланбай

жасалған тергеу органдарын қайта құру үлкен материалдық шығындарға және құқық қорғау органдарының білікті мамандарын жоғалтуға алып келді.

Прокуратура қабырғаларындағы өзіндік тергеу бөлімшелерін жоюдың, осы уақытқа дейін жойылмаған теріс жақтары да бар екендігін көптеген ғалымдар, тәжірибешілер атап өтуде [1; 104].

Негізділік талабы. «Прокуратура туралы» ҚР Заңы және кейін қабылданған прокурорлық қадағалауға қатысты нормативтік актілер қоғам дамуының заңдылықтары мен тенденцияларына сәйкес объективті және субъективті факторларды ескере отырып қабылданғанын мойындауға бола ма? Бұл заңның қандай жағдайда қабылданғанын еске түсіруге болады. 1995 жылғы Конституцияны қабылдағаннан кейін екі жыл ішінде әрекет етуші актілердің нормаларын ҚР Конституциясының нормаларына сәйкес ету қажеттілігі туындады. Кейбір нормаларды, біздің ойымызша, ойламай, заңшығарушылар заңда бекітті. Мысалы, прокуратураға берілген конституциялық қадағалау функциясы әлі күнге дейін көрінісін тапқан жоқ. Ол туралы қазақстандық сенаторлар да айтып жатыр. ҚР Парламенті Сенатының депутаты Берік Имашев прокуратура органдарын Конституцияға және ҚР Заңдарына қайшы келетін заңдарға және басқа да құқықтық актілерге қарсылық білдіру құқығымен құзыреттендіруді ұсынды. Ол туралы Сенаттың алқалық отырысында жария етті.

Парламенттің төртінші сессиясының отырысында сөз сойлей отырып, Ұлт Көшбасшысы, Үкімет жақын арада заңшығарушы органға ұсынылатын прокуратура органдарының қызметін жетілдіру туралы заң жобасын аяқтап жатқанын айтты. Қарастырылып жатқан заң жобасына Конституцияның 83-бабының 1-тармағын жетілдіруге бағытталған ережелерді қосу керек деп айтып кетті Б.Имашев. Ол: «Бұл конституциялық норма прокуратура органдарын Конституцияға және ҚР Заңдарына қайшы келетін заңдарға және басқа да құқықтық актілерге қарсылық білдіру құқығымен құзыреттендіреді» деп түсінік берді. Бұл норма әлі күнге дейін салалық заңнамада, соның ішінде «Прокуратура туралы» Заңда тиісті көрінісін тапқан жоқ. Аталған норманы жетілдіру мақсатында бізбен прокуратура органдарының қызметін жетілдіру туралы заң жобасының үкіметтік нұсқасында ережелері есепке алынатын заң жобасы дайындалды, — деп атап өтті сенатор [6].

Тиімділік талабы. Қызметтің қандай да болмасын түрі үшін тиімділік мәселесі үлкен маңызға ие. «Тиімділік» термині латын тілінен аударғанда «қандай да бір әрекеттің нәтижесі» дегенді білдіреді. Тиімді — күшті әсер беруші, бірақ кез келген емес, алдын ала ойластырған, пайдалы нәтижеге әкелуші; осы жерден тиімділік — бұл мақсатты бағытталған әрекеттің нәтижесі. «Тиімділік» түсінігінде жүйенің қоршаған ортаның жағдайларына жақсы үйрену, алдына қол жетерлік мақсаттар қойып, оған жету жатады. Жоғарыда көрсетілген себептерге байланысты прокуратура және прокурорлық қадағалау туралы нормативтік актілер қазіргі таңда толықтай тиімділік талаптарына сәйкес келмейді.

Замандылық талабы. 25.12.1995 жылғы «Прокуратура туралы» ҚР Президентінің заң күші бар Жарлығы өз уақытында қабылданды, себебі алдыңғы заң қоғам өмірінің талаптарына жауап бермеді. Замандылық талабы тиімділік және қабылданған нормативтік актінің негізділігімен үзіліссіз байланысты.

Тұрақтылық талабы. Егер де біз былай деп сұрақ қойсақ: «Прокуратура және прокурорлық қадағалау туралы нормативтік актілерді тұрақтылық талаптарына жауап бере алады ма?». Онда көпшілік көп жағдайда «жоқ» деп жауап берер еді. Себебі нормативтік актінің мазмұнының тұрақтылығы тек қазіргі кездегі қоғамдық қатынасты емес, сонымен қатар алдағы уақытта туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу қажеттілігімен байланысты. Әрине, жас мемлекеттің аяққа тік тұруы кезінде болжамдар жасаған дұрыс емес. Бірминуттық қажеттілікпен ұстанбау қиын.

Үнемділік талабы. Мақсатқа аз шығындалып қол жеткізуді білдіретін прокуратура және прокурорлық қадағалау туралы нормативтік актілер үнемділік талабына сәйкес келе ма? Қазіргі кездегі еліміздің прокуратура органдары тұрған жағдайға қарап, «иә» деп айту қиын. 2010 жылғы ҚР Президентінің халыққа жолдауында демократиялық мемлекеттің құқық қорғау қызметінің жоғары халықаралық стандарттарына сәйкес келетін жаңа құқық қорғау жүйесі туралы айтылады.

Нақтылық талабы. Аталған талап нормативтік актінің орындалатындығын, оның ережелерінің жүзеге асырылатындығын, нормативтік актінің материалдық, қаржылық, техникалық ресурстармен қамтамасыз етілуін, оның орындалуы үшін белгілі бір уақыттың берілуімен байланысты. Актілерді жүзеге асыру үшін, сонымен қатар қоғам дамуының нақты кезеңіндегі бар мүмкіндіктердің қаралуы тиіс. Қажетті ресурстармен қамтамасыз етілмеген нормативтік акт баянсыздыққа айналады.

Прокуратура органдарына және прокурорлық қадағалауға байланысты заңдарды дайындау барысында тиісті мемлекеттік органдарды қабылданып жатқан шешімнің тиісті қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілетіндігі жөнінде қорытындысын алған жөн болар еді.

Нормативтік актілердің жобаларындағы ұсыныстар нақты болуы керек, тиісті материалдық-техникалық құралдармен қаржыландырылып және алдыңғы актінің толықсыздығы және жеткіліксіздігімен байланысты қосымша нормативтік актілерді шығару мүмкіндіктерін жою керек. Әрекетті болып құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін нақты анықтап қана қоймай, оны қамтамасыз ету шараларын нақты анықтайтын нормативтік акт болып табылды.

Жоғарыда айтылғандай, прокуратураның құқық қорғау органдарының жүйесіндегі орны құқық қорғау органдарының үйлестіру қызметін жүзеге асыру кезінде айқын көрінді. 1998 жылдың шілдесінде прокуратураның құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру функциясын қайта қалпына келтірген заңшығарушының әрекеттері де түсініксіз. Үйлестіру қызметі әр түрлі нысанда жүргізілуі мүмкін. Ол нысандар оған қатысушылардың үйлестіру қызметімен, олардың әрқайсысының құзыреттілігінен келіп шығады.

Үйлестірудің негізгі нысандарына келесілерді жатқызуға болады:

- қылмыспен күресудің аумақтық жоспарларлық бағдарламаларына бірлескен ұсыныстар жасау;
- үйлестіру жиындар өткізу;
- ауыр және аса ауыр қылмыстарды тергеу бойынша тергеу-жедел топтарын құру;
- қылмыстың алдын алу және ашу, сонымен қатар оларды жасауға себеп болған жағдайларды жою бойынша мақсатты бірлескен шаралар жүргізу;
- қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша құқық қорғау органдарының мүмкіндіктерін пайдалану. Семинарлар, конференциялар өткізу;
- қылмыспен күрес бойынша қызмет барысында құқық қорғау органдарының құрылымының өзіндік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектесу;
- бірлескен бұйрықтар, нұсқаулықтар шығару;
- үйлестіру қызметтің бірлескен жоспарларын жасап және бекіту.

Аталған тізім түгел болып табылмайды, үйлестіру күнделікті жұмысын өмір өзі айтып отырады. Үйлестірудің басым бағыттары Қазақстан Республикасының Бас прокурорының бұйрықтарында анықталған.

Құқық қорғау органдарының күштерінің бірігуімен байланысты басты бағыт ретінде криминогендік жағдай ушыға түскен қалалар, аудандар анықталып, әр уақытта әрекет етуші жұмыс топтары құрылады.

Аумақтағы қылмыстылықтың құрылымы мен жағдайының өзгеруіне байланысты жаңа басым бағыттар ұсынылып, әр кезде әрекет ететін жұмыс топтарының құрылымы мен құрамы өзгереді.

Соттармен және әділет органдарымен өзара әрекет туралы айта отырып, қылмыстылық пен соттылық жағдайы туралы ақпараттау сияқты үйлестіру жолын атап өтуге болады, бұл жерде ҚІД және Бас прокуратураның құқықтық статистика және ақпарат орталығының рөлі жөнінде айта кеткен жөн: қылмыстылықпен күрес бойынша заңнамаға бірлескен ұсыныстар жасау; арнайы мамандардың құқық қорғау органдарының біліктілігін арттыру бойынша жұмысқа қатысулары, бұл жерде, біздің ойымызша, С.Ескараев атындағы Прокуратура органдарының біліктілігін арттыру жөніндегі институттың орны ерекше болар еді. Институт қабырғаларында тыңдаушылармен психология бойынша, басқа елдердің құқық қорғау органдарымен, шет ел азаматтарының қатысуымен сабақтар өткізіліп тұрады. ҚР ПМ академиясы, Алматы ҚІД және Бас прокуратураның құқықтық статистика және ақпарат орталығының негізінде қазіргі кездегі қылмыстық қудалау органдарының техника-криминалистикалық құралдардың, органдардың қылмыстарды ашу және алдын алу бойынша өзара әрекеттері зерттелуде [7].

2001 жылдың 22 қаңтарында ел Президенті «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметін жетілдіру бойынша шаралар туралы» Жарлыққа қол қойып, онда Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Парламентінің қарауына әрекет етуші заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша заң жобаларын ұсынуға тапсырыс берілген. Аталғандармен қатар прокуратура және прокурорлық қадағалау туралы әрекет етуші заңдарға толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы заң жобасын ойлап табу көзделді және де онда прокурорлардың актілері мен талаптарының дәлме-дәл орындалуы қамтамасыз етілуі тиіс және прокурорлық қадағалау актілерін орындамағаны үшін азаматтар мен лауазымды тұлғалардың

жауапкершілігін көздеуге тиіс болатын. «Прокуратура туралы» ҚР Заңының қабылданғанына бес жыл болды, ал прокурорлық қадағалау актілерін мәжбүрлі түрде орындату механизмі өмірге келуін күтіп отырды.

Нақтылық талаптарын осылай дөрекі бұзу Қазақстан Республикасының Президентіне «Жаңа онжылдық — жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» халыққа жолдауында біздің заңдардың сапасын жоғарлату қажеттілігі жөнінде айту қажеттілігін туындатты.

Оптималдылық талабы. Бар ресурстар мен жағдайларда ең жақсы нормативтік актілерді шығару жөнінде айтылады.

Кейбір ғалымдар бұл критерийді кешенді деп санайды және оптималдылықты тиімділік, үнемділік, пайдалылықтың бірігуі деп санайды [1; 165].

«Прокуратура туралы» ҚР Заңы және кейін қабылданған прокурорлық қадағалауға қатысты нормативтік актілер қоғам дамуының заңдылықтары мен тенденцияларына сәйкес объективті және субъективті факторларды ескере отырып қабылданғанын мойындауға бола ма? «Пленканы артқа айналдырып» бұл заңның қандай жағдайда қабылданғанын еске түсіруге болады. 1995 жылғы Конституцияны қабылдағаннан кейін екі жыл ішінде әрекет етуші актілердің нормаларын ҚР Конституциясының нормаларына сәйкес ету қажеттілігі туындады.

Әдебиеттер тізімі

1. *Кашанина Т.В.* Юридическая техника. — М.: Эксмо, 2008. — 512 с.
2. 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. — 2009. — № 281–283 (25680). — 3-б.
3. *Бахтыбаев И.Ж.* Концептуальные основы деятельности прокуратуры Республики Казахстан по обеспечению законности. — Алматы: Жеті жарғы, 2008. — С. 181.
4. *Хитрин Ю.А.* Проблемы совершенствования прокурорского надзора на современном этапе // Закон и время. — 1999. — № 3. — С. 8.
5. *Винокуров Ю.Э.* Проблемы развития правового статуса российской прокуратуры (в условиях переходного периода). — М.: Юрайт, 1998. — С. 7.
6. Парламент. Надзор за законами // Индустриальная Караганда. — 2010. — № 106 (20969). — С. 1.
7. *Жүрсімбаев С.К.* Институт қызметі ілгерілей түсуде. Қазақстан Республикасының прокуратурасы. — Алматы: Өнер, 2002. — 155-б.